



МОҒОЛИСТАН МЕМЛЕКЕТИ

Моғолстан — 14 ғ. ортасында құрылған мемлекет. Ол Шағатай әулеті иеліктерінің шығыс бөлігінде қалыптасты.

Негізін салушы



дулат тайпасының көсемі Әмір Болатшы

Алғашқы ханы



Тоғылық Темір (1348-1362 жж.), ол Моғолстан билеушілері әулетінің негізін салды. Ол Шағатай ұрпағы Дува ханның немересі.

Астанасы



Іле алқабындағы Алмалық қаласы болды.

Территориясы:



Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, Қырғызстан, Шығыс Түркістан. Орталық аймағы – Жетісу



Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» еңбегінде моғолстан территориясы туралы жазды. «... қазіргі Моғолстан деп аталатын аумақтың ұзындығы мен көлденені 7-8 айшылық жол...»

«Моғолстан» атауы «монғол» сөзінен шыққан. Өйткені түрік және парсы деректерінде монғолдарды осылай атаған.

Халқы


- дулаттар
- қаңлылар
- керейттер
- арғындар
- үйсіндер
- барластар

Олар мемлекет атауына сай моғолдар деп аталды. Осынау тайпалардың Жетісуды жайлайтын едәуір бөлігі кейін қазақ халқының құрамына енеді, ал оның Тянь-Шань өңірі мен Шығыс Түркістанды мекендейтін екінші бөлегі қырғыздар мен ұйғырлар құрамына кетеді. Осылардың ішінде дулаттар ең қуатты тайпа болды.

Моғолстанға билік еткен хандар

Тоғылық Темір	(1348-1362 жж.)
Ілияс Қожа	1362-1385 жж.
Қызыр Қожа хан	(1385-1399 жж.)
Мұхаммед хан	1408-1418)
Уайс хан	(1418-1428)
Есен Бұға хан	(1433-1462)
Жүніс хан	(1462-1487)

I. Мемлекетті басқару құрылысы



**Бұқара халық атқарған
қызметтер**

Әскери

Кіресілік

Еңбек

Почта




II. Жерге меншіктік қатынастар туралы



**Ж
Е
Р


И
Е
Л
Е
Н
У
Д
І
Ң

Т
Ү
Р
Л
Е
Р
І**



Негізгі түрлері

III. Салық түрлері және міндеткерліктері



IV. Қоғамдық және әкімшілік құрылысы



Лауазым атауы	Атқарған қызметтері
<i>Ұлысбек</i>	Мұрагерді таққа отырғызу, әскер басқару, көрші мемлекеттермен дипломатиялық қатынастар жасау
<i>Атабек</i>	Хан баласы- мұрагердің тәрбиешісі
<i>Көкілташ</i>	Мұрагердің «тел бауыры»
<i>Наиб, Моғол хандығында</i>	Жастайынан сайланған хандарға ақыл-кеңес беруші
<i>Жасауыл</i>	Жиын –той, мерекелерде тәртіп, салт-дәстүрдің сақталуын қадағалаушы
<i>Ішік аға басы</i>	Сарай қызметінің басшысы
<i>Инақ</i>	Хан кеңесі
<i>Миришкар</i>	Ханның аңшылық ісін басқарушы
<i>Даруғалар</i>	Алым-салық жинап, тәртіпті қадағалаушы



Моғолстанның ішкі-сыртқы жағдайы

- Саяси тұрақсыздық орын алған күрделі кезеңде билік басына келген Тоғылық-Темір хан елдің ішкі-сыртқы жағдайын жақсартып, XVI ғасырдың басына дейін билік еткен әулеттің негізін қалады. Хандықтың бүкіл аумағын біріктіріп, бір орталыққа бағындырады. Мемлекеттің орталығы Алмалық қаласы болады.
- Хан өзінің билігін бұрынғы қалыптасқан жүйемен жүргізеді. Оны ұлыстық басқару жүйесін сақтауынан көруге болады. Дулат тайпасының мұралық лауазымы жоғары ұлысбегі деген атағын сол қалпында қалдырады. Салық жинауда кейбір жаңа шаралар қолданылады. Мұсылман дінін мемлекеттік дін ретінде қабылдайды.



Тоғылық Темір шапқыншылықтары

Шағатай ұлысының жерлеріне толық билікті жүргізуді көкसेген тоғылық Темір деншменттің атынан билеп отырған Қазақстанның көзін құртуды сол арқылы бұл өңірді Моғолстанға қосып алуды ойлап 1358 жылы астыртын кісі жіберіп Қазаған Әмірді өлтіртті.

1360 жылы Орта Азияның болашақ билеушісі Әмір Темір Тоғылық Темірге бағынатынын білдіріп, сол үшін Кеш қаласының үлесті жерінен өзіне басқару алады.

1361 жылы көктемде Мауереннахрға аттанады. Мауереннахрдың билеушісі Қожа Барлас Тоғылық Темірге өзінің бағынышты екенін мойындап Шахрисяп түменнің қолбасшысы болып тағайындалады.

Моғолстанның алғашқы ханы Тоғылық Темір өз билігін нығайту үшін ислам дінін тірек етті. 1362 жылы Тоғылық Темір қаза табады.

Батпақ шайқасы

Тоғылық Темір хан қаза болғаннан кейін Әмір Темір Мауараннахрдағы билікті өз қолына алу үшін, Ілияс – Қожаға қарсы шығады. Әмір Темір мен Ілияс - Қожа ханның арасында бірнеше рет қақтығысулар болады. Ташкент қаласының маңында 1365 жылы 22 маусымда екі жақтың арасындағы шешуші шайқас «Батпақ шайқасы» болады. Жазба деректердің хабарына қарағанда екі жақтан 10 мыңға жуық адам қырылған. Шайқаста Ілияс - Қожа хан жеңіске жетіп, Әмір Темір қашып құтылады.



Әмір Темірдің Моғолстанхандығына жорықтары

XVI ғасырдың аяғында Әмір Темір Моғолстан жеріне бас көтертпей, дүркін-дүркін жорықтар жасайды. Алғашқы жорығы 1371-1372 жылдары болған. Бұл жорықта Алмалық қаласына дейін жетеді, бірақ қалаға кірмейді. Жол бойындағы елді мекендерді тонап, халықтың мал-мүлкін талан-таражға ұшыратып, көптеген тұтқын алып қайтады. Екінші жорықта 1375*1377 жылдары оңтүстік Қазақстан арқылы жүріп, жетісудің Шарын өзеніне дейін жетеді. Моғол ұлысының басшысы Қамар ад-динмен шайқасып, оны жеңеді. Қамар ад-дин Шығыс Түркістанға, Үш Тұрфанға қарай қашып құтылады.

XVI ғасырдың аяғында Әмір Темір Моғолстан жеріне бас көтертпей, дүркін-дүркін жорықтар жасайды. Алғашқы жорығы 1371-1372 жылдары болған. Бұл жорықта Алмалық қаласына дейін жетеді, бірақ қалаға кірмейді. Жол бойындағы елді мекендерді тонап, халықтың мал-мүлкін талан-таражға ұшыратып, көптеген тұтқын алып қайтады. Екінші жорықта 1375*1377 жылдары оңтүстік Қазақстан арқылы жүріп, жетісудің Шарын өзеніне дейін жетеді. Моғол ұлысының басшысы Қамар ад-динмен шайқасып, оны жеңеді. Қамар ад-дин Шығыс Түркістанға, Үш Тұрфанға қарай қашып құтылады.



Моғол хандығының әлсіреуі

Моғол хандығын саяси бытыраңқылық жайлап жатқанда Мауараннахрдағы билікті өз қолынан алып, күшейген Әмір Темір енді Моғолстанды жаулауға кіріседі.

Ал шығыстан XIV ғасырдың басында ойраттар шабуыл жасап отырды. М. Х. Дулатидің жазуына қарағанда, Уәйіс хан 10 жыл ішінде қалмақтардың 612 шабуылына тойтарыс берген.

Моғолстандағы жағдай 1428 жылы Уәйіс хан қайтыс болғаннан кейінде сол баяғы бытыраңқы күйінде қалады. Хандық билік үшін талас енді Уәйіс ханның балалары Жүніс пен Есен - бұға арасында басталады. Таластың нәтижесінде дулат әмірлерінің қолдауымен Есен - бұға 1433 жылы хан тағына отырады. Бірақ хандық билік үшін талас тоқтамады. Есен - бұғаның қаза болуымен Ферғана жерінде - Жетікентте билік құрып отырған Жүніс дереу Моғолстанға оралып, өзін хан етіп жариялайды. Моғолстан хандығы Жүніс ханның немересі Абдар - Рашид ханның кезінде ыдырай бастайды. XVI ғасырдың басында Моғолстан мемлекеті құлайды. Оның Жетісу аймағы Қазақ хандығының құрамына енеді.



**Назарларыңызға
рахмет!!!**